

**Мемлекеттік орган қабылдаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етулерді ұсыну және есепке алу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 22470 болып тіркелді.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 55-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орган қабылдаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етулерді ұсыну және есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2021 жылғы 31 наурыздағы  
№ 144 бұйрығымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік орган қабылдаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етулерді ұсыну және есепке алу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік орган қабылдаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етулерді ұсыну және есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 55-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орган қабылдаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етулерді ұсыну және есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру, сондай-ақ тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдер объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауы кепілмен, банктік салым кепілдігімен және (немесе) сақтандырумен (бұдан әрі - қамтамасыз ету) қамтамасыз етіледі.

Жер қойнауын пайдаланушының механикаландыру құралдарын пайдалана отырып кен іздеушілік салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауы банктік салым кепілімен немесе екінші деңгейдегі банк берген кепілдікпен ғана қамтамасыз етіледі.

3. Қамтамасыз ету пайдаланудағы әрбір жер қойнауы учаскесі бойынша жеке ұсынылады.

Екі немесе одан да көп жер қойнауы учаскелері бойынша бірдей қамтамасыз ету мүмкін емес.

4. Қамтамасыз ету Кодекстің 56-бабының 4-тармағына, 57-бабының 7-тармағына және 58-бабының 1-1-тармағына сәйкес бекітілетін үлгілік нысандар бойынша ұсынылады.

5. Қамтамасыз ету мақсаттары үшін кепілгер екінші деңгейдегі банк, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналыста болатын акциялар, шетелдік банк немесе ұйым бола алады.

Егер ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымдағы акциялар, шетелдік банк немесе ұйым кепілгер болса, мұндай кепілгерлер Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 2 мамырдағы № 293 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17015 болып тіркелген) айқындалатын шетел валютасындағы ең төмен жеке кредиттік рейтинг бойынша шарттарға сәйкес келуге тиіс.

6. Кепілдіктерді, банктік салым кепілін және сақтандыруды үйлестіре отырып қамтамасыз ету жер қойнауын пайдалану жөніндегі мынадай операциялар үшін ұсынылады:

- 1) пайдалы қатты қазбаларды барлау;
- 2) пайдалы қатты қазбаларды өндіру;
- 3) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру;

4) тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану.

7. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру және тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдер объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялар үшін көзделген қамтамасыз етулердің үйлесімі мынадай шарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия мерзімінің бірінші үштен бірінің ішінде банктің немесе кепіл нысанасы болып табылатын банк салымының кепілдік сомасы Кодекске сәйкес есептелген қамтамасыз етудің жалпы сомасының кемінде қырық пайызын құрауы тиіс;

2) екінші үштен бір бөлігі ішінде – кемінде алпыс пайыз;

3) қалған кезеңде – жүз пайыз.

8. Егер жер қойнауын пайдаланушыға байланысты емес себептер бойынша ол ұсынған қамтамасыз ету Кодекстің талаптарына сәйкес келмесе немесе тоқтатылса, жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік алпыс күн ішінде осындай қамтамасыз етуді осы Қағидаларда көзделген тәртіппен ауыстыруы қажет.

9. Банктік салым кепілі түріндегі қамтамасыз етуді ұсыну ерекшеліктері Кодекстің 57-бабы 7-тармағына сәйкес бекітілетін Банктік салым кепілі шартын жасасу қағидаларында айқындалады.

## **2-тарау. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну тәртібі**

10. Қамтамасыз ету мынадай мемлекеттік органдарға:

1) Қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру салдарын жою бойынша – құзыретті органға;

2) шекараларында өндіру учаскесі немесе оның үлкен бөлігі орналасқан облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органына - кең таралған пайдалы қазбаларды өндірудің салдарларын жою бойынша;

3) жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарларын жою бойынша – жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға;

4) механикаландыру құралдарын пайдалана отырып кен іздеушілік салдарын жою бойынша – кен іздеушілік учаскесі немесе оның үлкен бөлігі шекараларында орналасқан облыстың тиісті жергілікті атқарушы органына беріледі.

11. Қамтамасыз етуді:

1) пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін – жер қойнауын пайдаланушының (лицензия иеленушінің) немесе өтініш берушінің Кодекстің 188-бабында көзделген пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну қажеттігі туралы құзыретті органның хабарламасын (бұдан әрі - хабарлама) алған лицензия беру үшін;

2) қалған жағдайларда – жер қойнауын пайдаланушы ұсынады.

Кодексте көзделген екі және одан да көп тұлға жер қойнауын пайдалану құқығын жалпы иеленген жағдайда не екі және одан да көп бірлескен өтініш берушіге пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия берген кезде қамтамасыз етуді жер қойнауын пайдалану құқығының жалпы иелерінің кез келгені немесе тиісінше бірлескен өтініш берушілердің кез келгені ұсынады.

12. Қамтамасыз ету жер қойнауын пайдалану жөніндегі мынадай:

1) пайдалы қатты қазбаларды өндіру;

2) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру;

3) тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану;

4) механикаландыру құралдарын пайдалана отырып кен іздеушілік операцияларын жүргізу басталғанға дейін ұсынылады.

Қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған операциялар бойынша қамтамасыз ету Кодекстің 188-бабы 1-тармағының үшінші бөлігінде көзделген мерзім шегінде хабарлама алған өтініш берушілерге пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия берілгенге дейін беріледі.

**13. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 14.04.2023 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Шет тілінде жасалған құжаттар дұрыстығын нотариалдық куәландыруға жататын қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады.

15. Мемлекеттік орган берілген қамтамасыз етуді Кодекс пен осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан олар келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарайды және қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тартуға негіздер болмаған

кезде ұсынылған қамтамасыз ету туралы мәліметтерді жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етулер тізіліміне ( бұдан әрі – қамтамасыз етулер тізілімі) енгізеді.

16. Мемлекеттік орган қамтамасыз етулер тізіліміне қамтамасыз ету туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіні қамтамасыз етудің қабылданғаны туралы хабардар етеді. Қамтамасыз етуді қабылдау туралы хабарламада қамтамасыз ету қамтамасыз етулер тізіліміне енгізілген есепке алу нөмірі болуға тиіс.

Егер қабылданған қамтамасыз ету сомасы жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттеменің талап етілетін жалпы сомасынан аз болса, хабарламада Кодекске сәйкес қамтамасыз етумен жабу үшін жетіспейтін сома көрсетіледі.

17. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия беру үшін қамтамасыз етуді қабылдаған жағдайда мемлекеттік орган берілген қамтамасыз етуді Кодекстің және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, қамтамасыз етуді қабылдау туралы шешім қабылдайды және пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия береді не 5 жұмыс күні ішінде қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік органның қарау нәтижелері бойынша қамтамасыз етуді қабылдау пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия берумен расталады.

18. Мемлекеттік орган қамтамасыз етуді қабылдаудан мынадай жағдайларда бас тартады:

1) қамтамасыз ету тиісті емес болып табылған;

2) пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия беру үшін қамтамасыз ету Кодекстің 188-бабы 1-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен соң берілген;

3) қамтамасыз етумен осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарында көзделген мәліметтер мен құжаттар ұсынылмаса.

19. Ұсынылатын қамтамасыз ету:

1) егер ол үлгілік нысанға сәйкес ұсынылмаса;

2) егер ол Кодекстің 55, 56, 57, 58 баптарында және осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

3) егер уәкілетті тұлғалар қол қоймаса немесе мөр болмаса (егер мөр Қазақстан Республикасының немесе тіркелген елдің Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес міндетті болса) тиісінше болып табылмайды.

Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия беру үшін бірнеше түрдің үйлесімінде ұсынылған қамтамасыз ету, егер мұндай қамтамасыз етудің жалпы сомасы Кодекстің талаптарына сәйкес келмесе, тиісінше емес деп есептеледі.

20. Өтініште немесе оған қоса берілетін құжаттарда жіберілген грамматикалық немесе арифметикалық қателер, жаңылыс жазулар не өзге де осыған ұқсас қателер

орындауды қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды. Егер жіберілген грамматикалық немесе арифметикалық қателерді жоймау қамтамасыз ету туралы мәліметтерді дұрыс көрсетуге мүмкіндік бермесе, өтініш беруші мемлекеттік органның тиісті хабарламасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінішті және құжаттарды қайта беру арқылы қателерді түзетуге жатады. Бұл ретте жіберілген қателер түзетілген құжаттар ғана қайта беріледі.

21. Егер мемлекеттік органның өтінішті қарау кезеңінде, сондай-ақ өтініште немесе оған қоса берілетін құжаттарда кемшіліктерді жою кезеңінде Кодекстің 188-бабы 1-тармағының үшінші бөлігінде көзделген мерзім аяқталса, ол көрсетілген тармақтың мақсаттары үшін ұзартылған болып есептеледі.

22. Қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тарту жазбаша нысанда шығарылады және дәлелді болуға тиіс.

23. Қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тартуға өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

24. Қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тарту өтініш берушіні қайта өтініш беру құқығынан айырмайды (пайдалы қатты қазбаларды барлауға лицензия алуға өтініш берушілер үшін – Кодекстің 188-бабы 1-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген мерзім шегінде).

25. Қамтамасыз етуді қабылдаған мемлекеттік орган ол туралы ақпаратқа, оның ішінде олардың кейінгі өзгерістерін ескере отырып, мыналарды көрсете отырып, ашық қол жеткізуді қамтамасыз етеді:

- 1) жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 2) заңды тұлғалар үшін - өтініш берушінің атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың түрі, нөмірі және берілген күні, нөмірі және жасалған күні;
- 4) қамтамасыз ету, оның ішінде қамтамасыз етулер түрлері жөніндегі жалпы сомасы ;
- 5) қамтамасыз ету түрі (түрлері);
- 6) қамтамасыз етудің сомасы мен қолданылу мерзімі;
- 7) қамтамасыз етуді берген ұйымның атауы.

26. Осы тараудың ережелері бұрын қабылданған қамтамасыз етуді басқа қамтамасыз етумен ауыстыру кезінде, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушыға байланысты емес себептер бойынша бұрын қабылданған қамтамасыз ету Кодекстің талаптарына сәйкес келмей қалған немесе тоқтатылған кезде, сондай-ақ жаңа немесе қосымша қамтамасыз етуді ұсыну кезінде де қолданылады.

**3-тарау. Өзгертілген қамтамасыз етуді ұсыну және қамтамасыз ету тізіліміне өзгерістер енгізу тәртібі**

27. Мемлекеттік орган бұрын қабылдаған қамтамасыз етуге өзгерістер мен толықтырулар (бұдан әрі – өзгертілген қамтамасыз ету) енгізілген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы өзгертілген қамтамасыз етумен бірге осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген мәліметтерді құрайтын оны қабылдау туралы өтінішті (ілеспешатты) тиісті мемлекеттік органға жібереді.

Мөлшері оның ішінде айлық есептік көрсеткіш негізінде есептелетін өзгертілген қамтамасыз етуді ұсынған кезде, оның сомасы көрсетілген өтінішті берген күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткішті ескере отырып, қайта есептелуге жатады.

28. Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде беріледі. Шет тілінде жасалған құжаттар дұрыстығын нотариаттық куәландыруға жататын қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады.

29. Мемлекеттік орган ұсынылған құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Кодекспен осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

30. Осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген өзгертілген қамтамасыз етуді қабылдаудан бас тарту үшін негіздер болмаған кезде мемлекеттік орган ұсынылған қамтамасыз ету туралы өзгертілген мәліметтерді қамтамасыз етулер тізіліміне енгізеді.

31. Мемлекеттік орган өтініш берушіні қамтамасыз етулер тізілімінде қамтамасыз ету туралы мәліметтерге өзгерістер енгізілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзгертілген қамтамасыз етудің қабылданғаны туралы хабардар етеді.

32. Кодексте көзделген жағдайларда мемлекеттік орган қабылдаған қамтамасыз ету сомасы азайтылуы мүмкін.

33. Кодексте көзделген жағдайларда мемлекеттік орган қабылдаған қамтамасыз ету сомасы азайтылуы мүмкін.

34. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік органның келісімін алу үшін тиісті өтініш береді. Қамтамасыз ету сомасын азайту туралы өтініш:

1) жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы учаскесінің тиісті бөлігінен мерзімінен бұрын бас тартуына байланысты (жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны қайта ресімдеу, келісімшартқа өзгерістер енгізу) жер қойнауы учаскесінің бөлігінде жою жөніндегі міндеттемелер тоқтатылғаннан кейін (жою жөніндегі жұмыстарды қабылдау аяқталғаннан немесе зерттеу актісіне қол қойылғаннан кейін);

2) тиісті салдарларды жою жөніндегі жұмыстарды қабылдау аяқталғаннан және жою жөніндегі жұмыстардың жалпы көлемін азайтқаннан кейін жою жоспарында көзделген прогрессивті жою кезінде беріледі.

35. Қамтамасыз ету сомасын азайту туралы өтініш еркін нысанда жасалады және осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес қамтамасыз ету сомасын азайтудың толық негіздемесін, оның ішінде жер қойнауы учаскесі аумағының өзгертілген мөлшері, қамтамасыз етудің жаңа сомасы туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

36. Қамтамасыз ету сомасын азайту туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) қол қойылған жер қойнауын жою актісінің немесе жер қойнауын пайдаланушы бас тартқан немесе прогрессивті жою жүргізілген жер қойнауы учаскесінің бір бөлігін зерттеу актісінің көшірмесі;

2) Кодексте көзделген жағдайларда тиісті келісімдермен және сараптамалардың оң қорытындыларымен бірге жоюдың өзгертілген жоспары, осындай жою жоспардың болған кезде міндетті.

37. Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Шет тілінде жасалған құжаттар дұрыстығын нотариалдық куәландыруға жататын қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері нотариалдық куәландыруға жатады.

38. Мемлекеттік орган өтініш пен берілген құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды және олар Кодекс пен осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, өтініш берушіні және қамтамасыз етуді берген тұлғаны қамтамасыз ету сомасын азайтуға келісетіні туралы хабардар етеді.

39. Қамтамасыз ету сомасын азайтуға келісім беру туралы хабарламаны алғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік органға тиісінше осы Қағидалардың 2-тарауында немесе 3-тарауын белгіленген тәртіппен жаңа немесе өзгертілген қамтамасыз етуді ұсынады.

#### **4-тарау. Қамтамасыз етуді есепке алуды жүргізу тәртібі**

40. Қамтамасыз етуді есепке алуды қамтамасыз етуді қабылдайтын мемлекеттік орган жүргізеді.

41. Қамтамасыз етуді есепке алу осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етулер тізілімін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

42. Қамтамасыз етулер тізілімі электрондық нысанда және (немесе) қағаз тасығышта жүргізілуі мүмкін.

Қамтамасыз етулер тізілімі қағаз тасығышта жүргізілген жағдайда, оны нөмірлеу, тігу және мөрмен және қолдармен куәландыру қажет:

1) қамтамасыз етуді қабылдауға жауапты мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

2) мемлекеттік органның ішкі бұйрығымен айқындалатын құрылымдық бөлімшенің жауапты тұлғасы.

43. Жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір лицензияға немесе келісімшартқа қамтамасыз ету тізілімінде жеке бөлім ашылады.

Қамтамасыз етулер тізілімі қағаз тасығышта жүргізілген жағдайда әрбір жолдың соңында мемлекеттік органның жауапты адамы өз қолын қояды.



44. Қамтамасыз етулер тізіліміне бастапқы жазба жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензия немесе келісімшарт бойынша мемлекеттік орган алғаш рет қамтамасыз етуді қабылдаған кезде осы Қағидаларға сәйкес қамтамасыз ету қабылданған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі.

45. Осы Қағидаларға сәйкес өзгертілген қамтамасыз етуді қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей бұрын қабылданған қамтамасыз ету туралы ақпаратты қамтитын қамтамасыз етулер тізілімінің тиісті бағандарына жүргізілген өзгерістер туралы жазбалар енгізіледі.

46. Осы Қағидаларға сәйкес жаңа қамтамасыз ету қабылданған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей қамтамасыз етулер тізілімінің тиісті бағандарына жаңа қамтамасыз ету туралы жазба енгізіледі.

47. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттеме тоқтатылған кезде мемлекеттік орган қамтамасыз етулер тізіліміне тиісті жазба жасайды.

48. Қамтамасыз етуге өндіріп алуды қолдану нәтижесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттеме тоқтатылған жағдайда, мемлекеттік орган қамтамасыз етулер тізіліміне қамтамасыз етуге өндіріп алуды қолдану туралы жазбаны енгізеді.

49. Мемлекеттік орган жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттеме тоқтатылғанға дейін қамтамасыз ету түпнұсқасының тұрақты сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін мұрағатқа тапсырылады.

50. Қамтамасыз етудің көшірмесі жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттеме тоқтатылған күннен бастап үш жыл бойы мемлекеттік органда сақталады.

51. Жер қойнауын пайдаланушының (жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлғаның) және (немесе) қамтамасыз етуді берген ұйымның жазбаша сұрау салуы бойынша мемлекеттік орган он жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені тоқтату туралы мәліметтерді қамтамасыз етулер тізіліміндегі жазба туралы жазбаша растама береді.

Мемлекеттік орган қабылдаған  
жер қойнауын пайдалану  
жөніндегі операциялардың  
салдарын жою жөніндегі  
міндеттемелерді орындауды  
қамтамасыз етулерді ұсыну және  
есепке алу қағидаларына  
1-қосымша  
жеке тұлғалар үшін –  
өтініш берушінің тегі, аты,  
әкесінің аты (бар болса),  
байланыс деректері;

заңды тұлғалар үшін-өтініш  
берушінің атауы,  
байланыс деректері

**Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді қабылдау туралы өтініште көрсетілетін мәліметтер**

**Ескерту. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 14.04.2023 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мемлекеттік орган қабылдаған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етулерді ұсыну және есепке алу қағидаларына 2-қосымша жеке тұлғалар үшін – өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), байланыс деректері; заңды тұлғалар үшін – өтініш берушінің атауы, байланыс деректері

**Енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен қамтамасыз етуді қабылдау (жаңа қамтамасыз етуді қабылдау) туралы өтініште көрсетілетін мәліметтер)**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қамтамасыз етулер тізіліміне өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуді сұраймын

Өтініш беруші туралы мәліметтер		
жеке тұлғалар үшін		
1.	Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)	
2.	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
3.	Тұрғылықты жері	
4.	4. Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер	
заңды тұлғалар үшін		
5.	Заңды тұлғаның атауы	
6.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
7.	Орналасқан жері	

8.	Заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер	
Бұрын ұсынылған қамтамасыз ету туралы мәліметтер		
9.	Қамтамасыз етудің есептік нөмірі	
10.	Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қамтамасыз ету туралы мәліметтер*	
11.	Өзгерістер мен толықтырулар енгізудің негіздері немесе себептері*	
Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын жаңадан ұсынылатын қамтамасыз ету туралы мәліметтер**		
12.	Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету: <input type="checkbox"/> бір түрімен қамтамасыз ету; <input type="checkbox"/> қамтамасыз ету түрлерін үйлестіруде (түрлерін көрсету)	
13.	Қамтамасыз ету түрі;	
14.	Қамтамасыз ету нөмірі мен күні	
15.	Қамтамасыз етуді берген ұйымның атауы	
16.	Қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі	
17.	Қамтамасыз етумен өтелетін сома	
18.	Жаңа қамтамасыз етуді ұсыну негізі	

Қоса берілген құжаттардың тізбесі:

- 1) \_\_\_\_\_ ;
- 2) \_\_\_\_\_ ;
- 3) \_\_\_\_\_ ;
- 4) \_\_\_\_\_ .

(құжаттардың атауы және парақтардың саны)

Жер қойнауын пайдаланушының немесе оның уәкілетті өкілінің қолы (өкіл өтініш берген жағдайда, өкілеттіктерін куәландыратын тиісті ресімделген құжат қоса беріледі)

Өтініш беруші:

\_\_\_\_\_  
(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) / атауы)

Толтырылған күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе:

\* жаңа қамтамасыз етуді ұсынған кезде толтырылмайды;

\*\* бөлім жаңа қамтамасыз етуді беру кезінде толтырылады.

Мемлекеттік орган қабылдаған  
жер қойнауын пайдалану  
жөніндегі операциялардың  
салдарын жою жөніндегі  
міндеттемелерді орындауды  
қамтамасыз етулерді ұсыну және  
есепке алу қағидаларына  
3-қосымша

**Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тізілімі**

№ р/с	Есептік нөмірі	Жазбаны енгізу күні	Қамтамасыз етуді ұсынған заңды тұлғаның тегі, аты және экесінің аты (бар болса) не атауы	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (лицензиялардың) түрі (берілген не берілуге тиіс) не жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың толық атауы	Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (лицензиялардың) келісім шарттың нөмірі	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарт жасалған күн	Лицензияның (жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың) қолдану мерзімі	Лицензияның (жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың) қолдану мерзімі өткен, жер қойнауын пайдаланушы лицензиядан бас	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың мән-жайы	Барлау аумағын не Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шарттың шекаралары (бұрыштық нүктелердің географиялық координаттары) блоктың (блоктардың) саны мен коды (блоктар бойынша қалыптастырылатын жер қойнауы	"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" ҚР Кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (келісім шарттың) мерзімі аяқталған кезде таратуды аяқтаудың болжамды күні
-------	----------------	---------------------	--	--	---	---	---	---	--	--	---

								тартқан )		ы учаскел ері үшін)	мерзімі )
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Кестенің жалғасы

Қамтама сыз ету түрі (түрлері)	Қамтама сыз етуді (камтама сыз етуді) (берген ұйымның (ұйымда рдың) атауы)	Қамтама сыз ету нөмірі және күні	Қамтама сыз етудің қолданылу мерзімі	Кодекск е сәйкес есептелген камтама сыз етудің жалпы сомасы	Қамтама сыз етумен өтелетін сома	Қамтама сыз ету сомасын өндіріп алу туралы белгі	Қамтама сыз ету сомасын өндіріп алу күні	Жер қойнауы н пайдалану салдары н жою жөніндегі міндетте мені тоқтату туралы белгі	Жер қойнауы н пайдалану салдары н жою жөніндегі міндетте мені тоқтатылған күні	Лауазым ды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23